

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		044-58/ 12беттің1беті

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжі**

**СИЛЛАБУС**

**«Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару»**

Мамандығы: 0301000 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 0301013 «Фельдшер»

Оқу түрі: күндізгі

Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 10 ай

Циклдар мен пәндер индексі: АП17

Курс:4

Семестр:7

Пән: «Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару»

Бақылау нысаны: Д/сынақ

Барлық сағат/кредит көлемі КЗ:24/1

Аудитория: 24

**Шымкент 2023 ж.**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA  
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL  
ACADEMY

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы

044-58/  
12беттің2беті


«Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару» пән силлабусы жұмыс оқу бағдарламасы бойынша негізінде құрастырылды.

Мамандығы: 0301000 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 0301013 «Фельдшер»

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасының менгерушісі мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 14 «08» 06 2023ж

Кафедра менгерушісі:  Г.Ж.Сарсенбаева

Әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 10 «30» 06 2023ж

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.О.Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		044-58/ 12беттің3беті

**Оқытушылар туралы мәліметтер:**

№	А.Ж.Т.	Қызметі және дәрежесі	Оқытатын пән атауы	@mail
1	Бегембетова Айсапар Кемельбековна	оқытушы магистр	«Электрондық денсаулық сақтау жүйесі»	<a href="mailto:aisapar.86@mail.ru">aisapar.86@mail.ru</a>
2.	Кабылбекова Диана Хайратовна	аға оқытушы магистр	«Электрондық денсаулық сақтау жүйесі»	<a href="mailto:diana06.10.90@mail.ru">diana06.10.90@mail.ru</a>

Байланыс ақпараты:

Кафедраның орналасуы: Әл-Фараби алаңы 3, ОҚМА-ның №4 оқу ғимараты, 2-қабат,  
 @mail: [www.skma.edu.kz](http://www.skma.edu.kz)

O'NTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		044-58/ 12беттің4беті

### 3.1.Кіріспе

Денсаулық сақтау жүйесінің мамандары қазіргі кезеңдегі жағдайда қоғамдық денсаулықтың деңгейлеріндегі демографиялық және эпидемиологиялық өзгерістер әсерінен, күрделі экологиялық өзгерістердің және созылмалы жұқпалы емес аурулардың мөлшерін жыл сайын көбее беретіндігінен туындаған проблемаларын шешу қажеттілігінің алдында тұр.

Жаңа технологиялардың енгізілуі арнайы құралдар мен мамандандырылған мамандарды қажет етеді, сонымен бірге алғашқы медициналық көмек көрсету мекемелерінде және арнайыландырылған ірі мекемелерге шығын әкеледі.

Тұрғындар денсаулығын нығайту және аурулардың алдын-алу шаралары жүйесі, үлкен көлемдегі технологиялық құралдармен бағаланады, сонымен бірге қоғамдық денсаулық сақтауда үш негізді қамтиды:

- денсаулық сақтау саласында маңызды бағыттардағы қоғамдық денсаулықты бақылау және бағалау мәселелерін анықтау;
- әкімшілік ұйымдарды тұрғындардың қоғамдық денсаулық сақтау саясатын қалыптастыру, жергілікті және ұлттық деңгейде тұрғындар денсаулық мәселелерін шешу;
- барлық әлеуметтік топтағы тұрғындарды жоғары сапалы медициналық көмекпен және қажеттілікпен қамтамасыз ету.

### 3.2.Пәннің саясаты:

- 1.Дәлелді себептерсіз сабақтардың барлық түрлерін жібермеу.
- 2.Практикалық сабақтарда белсенді болу.
- 3.Командада жұмыс істей білу.
- 4.Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және оқу-әдістемелік үрдісті жетілдіру бойынша кафедраның іс-шараларына белсенді қатысуы.
- 5.Аудиторияда қауіпсіздік техникасын сақтау.
- 6.Емтиханға жіберу рейтингі симуляциялық сабақ, аралық бақылаудан құралады.
- 7.Пән бойынша емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс.
- 8."Қанағаттанарлықсыз" бақылау кезінде студент емтиханға жіберілмейді.

### Айыппұл санкциялары:

- Білім алушы пән саясатын бір рет бұзғаннан кейін оқытушыдан ауызша ескертпе сөгіс алады.
- Пән саясатын үнемі бұзатын болса кафедра меңгерушісі деканатқа сәйкес рапорт жазады.
- Бір аралық бақылаудан қанағаттанарлықсыз баға алған үшін (АБ1, АБ2) пән бойынша емтиханға жіберілмейді.
- Кафедраның саясаты бойынша айыппұл және марапат балдары ескеріледі.
- Симуляциялық сабақты себепсіз жіберілген әрбір сабақ үшін білім алушының аралық бақылауынан баллынан 1 балы төмендетіледі.
- БҒК белсенді қатысқан жұмысы үшін (конференцияда баяндамамен шығу) студентке 5 балдан 10 балға дейін қосылады.
- Егер білім алушы 50% күнделікті рейтингіден (яғни 30 балл) жинамаса, ол емтиханға жіберілмейді.

### 3.3. Пәннің мақсаты:

Әлеуметтік осал топтармен жұмыс істеу кезінде дұрыс қарым-қатынас жасау және қолдау үшін коммуникативтік дағдыларды дамытуға жәрдемдесу; студенттерде міндетті

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	044-58/ 12беттің5беті

әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізуді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесінде тиімді жұмыс істеу үшін қажетті білім, білік және дағды кешенін қалыптастыру.

#### **3.4. Пәннің міндеттері:**

- тұрғындар денсаулық жағдайын сақтау, нығайту және қалпына келтіру мақсатында әдістемелік әдістерді үйрету;
- тұрғындарға медициналық-профилактикалық көмектерді және медициналық ұжымдар туралы ұсыныстарды қалыптастыру;
- тұрғындар денсаулығы туралы ақпараттарды сараптау және емдеу-профилактикалық, санитарлы-профилактикалық мекемелердің қызметін, сонымен бірге алдын-алу шараларын сапасын күшейту және медициналық профилактикалық көмектің нәтижесі туралы білім беру;
- тұрғындар денсаулығы туралы ақпараттарды сараптау және емдеу-профилактикалық, санитарлы-профилактикалық мекемелердің қызметін, сонымен бірге алдын-алу шараларын сапасын күшейту және медициналық профилактикалық көмектің нәтижесі туралы білім беру;
- экономика негіздері бойынша, маркетинг, жоспарлау және қаржыландыру, менеджмент, денсаулық сақтаудағы инновациялық процесстер, медициналық қызметтегі құқықтық және этикалық аспектілер туралы білім бері.

#### **3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері**

- «Денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін;
- Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы заң, ҚР санитарлық, табиғаты қорғау туралы заңы, медициналық мекемелер мен ұжымдардағы мамандар қызметінің құқықтық негіздерін;
- Адам денсаулығын қалыптастыратын факторларды (әлеуметтік, экологиялық, табиғи-климаттық, генетикалық);
- Қолайсыз жағдайлармен байланысты әлеуметтік-экономикалық аурулар, климаттық факторлар және сәйкес келетін сауықтандыру шаралары, қоршаған ортаға қолайсыз әсер ететін организмге қарсы тұратын бағыттарды көтеру, денсаулық жағдайын және физикалық жағдайды жақсарту, жұмыс қабілетін көтеруді,
- Тұрғындар денсаулық жағдайын зерттеуде статистикалық әдістерді қолдану негізін және медициналық көмекті ұйымдастыруды;
- Тұрғындар денсаулығының негізгі көрсеткіштерін. Науқастың денсаулық жағдайын кешенді бағалау критериясын;
- Тұрғындарға медициналық көмекті ұйымдастыру негізін. Тұрғындардың жеке топтарына медициналық көмек ұйымдастыру принциптерін. Профилактикалық шараларды жүргізу және ұйымдастыруды;
- Медицина қызметкерлерінің этикалық және деонтологиялық аспектілерін;
- Медициналық сақтандыру негізін. Әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз етілуін;
- Денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі мекемелердің негізгі көрсеткіштерін. Типтік медициналық құжатты толтыру ережесін;
- Халық тұрғындарының және денсаулық сақтаудағы қазіргі заманғы медицина теориясын;
- әлемдегі денсаулық сақтау жүйесінің салыстырмалы сипаттамасын. Денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыруын. Денсаулық сақтау мекемелерінің жоспарлау,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		044-58/ 12беттің6беті

қаржыландыруын. Денсаулық сақтауды өзгертудің негізгі бағыттарын. Медициналық қызметтің бағасын қалыптастырудың негізгі жағдайларын. Денсаулық сақтаудағы маркетинг негіздерін;

- денсаулық сақтаудағы менеджмент негіздерін. Медициналық көмекті сапалы басқару негізін;
- медициналық сараптаманы ұйымдастыру сұрақтарын;
- шет мемлекеттердегі денсаулықты қалыптастыру және нығайту, қорғау жүйесін.

**3.6.Реквизитке дейінгі:** жалпы гигиена,денсаулық сақтаудағы экономика және құқық негіздері

**3.7.Реквизиттен кейінгі:** электрондық денсаулық сақтау жүйесі, медициналық-әлеуметтік оңалту

**3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:**

Әлеуметтік медицинаның негізгі ұғымдары мен категориялары. Әлеуметтік медицина және әлеуметтік жұмыс. Әлеуметтік медицинаның анықтамасы. Әлеуметтік медицинаның міндеттері мен функциялары. Әлеуметтік медицина субъектілері мен объектілері.

**3.9. Тақырыптық жоспар: тақырыптар, қысқаша мазмұны, оқыту түрлері/әдістері/технологиялары және сабақтың ұзақтығы (симуляциялық сабақтар)**

**3.9.1.Аудиториялық сабақтың тақырыптық жоспары**

№	Тақырыптардың аталуы	Мазмұны	Сағат саны
1	Әлеуметтік медицинаның қалыптасу және даму тарихы.	Әлеуметтік медицинаның негізгі ұғымдары мен категориялары. Әлеуметтік медицина және әлеуметтік жұмыс.	8
2	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі.	Медициналық сақтандырудың мақсаты мен міндеттері. Сақтандырудың негізгі түрлері. Міндетті медициналық сақтандыру бағдарламасы. Құқықтық негіздері. Міндетті медициналық сақтандыру бойынша сақтандырылған адамдардың құқықтарын қорғау.	8
3	Денсаулық сақтауды қаржыландыруды басқару	Қаржыландырудың жалпы түсініктемесі. Қаржы қорын тиімді пайдаланудың түрлері. Денсаулық сақтау жүйесін қаржымен қамтамасыз ету.	8
	<b>Барлығы:</b>		<b>24</b>

**3.10.1 Әдебиеттер, негізгі және қосымша.**

**Негізгі әдебиеттер:**

1. Reshetnikov, A. V. Sociology of medicine: textbook / A. V. Reshetnikov. - М. : GEOTAR-Media, 2016. - 368 p..
2. Биғалиева, Р. КӘлеуметтік медицин және денсаулық сақтауды басқару: оқулық / Р. К Биғалиева. - Алматы :Эверо, 2014. - 560 бет. с.

3. Ткаченко, В. С. Основы социальной медицины: учеб. пособие / В. С. Ткаченко. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : Изд-ко-торговая корпорация "Дашков и К", 2012. - 472 с.
4. Биғалиева, Р. К. Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару: оқулық / Р. К. Биғалиева ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. - Алматы : Эверо, 2011. – 561
5. Дәулетбаев, Д. А. Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару: оқу құралы / Д. А. Дәулетбаев, А. Ш. Әлназарова, Б. А. Әлсейітов. - Алматы : Эверо, 2011
6. Биғалиева, Р. К. Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару : оқулық / Р.К. Биғалиева, Ш. Исмаилов ; ҚР білім және ғылым министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық мед. ун-ті. - Алматы : Ғылым, 2001. - 372 бет с

**1.10.2. Қосымша әдебиеттер:**

1. Решетников, А. В. Медико-социологический мониторинг: руководство / А. В. Решетников. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 800 с

**1.10.3. Интернет-ресурс:**

1. Reshetnikov, A. V. Sociology of medicine [Электронный ресурс] : textbook / A. V. Reshetnikov. - Электрон. текстовые дан. ( 40.8 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. Диск
2. Биғалиева, Р. К. Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару [Электронный ресурс] : оқулық / Р. К. Биғалиева, Ш. Исмаилов . - Электрон. текстовые дан. (16,8 Мб). - Алматы : Ғылым, 2001. - 372 эл

**3.11. Оқытудың және білім берудің әдістері:**

- **Симуляция:** ауызша сұрау, тест тапсырмаларын құрастыру

**3.12. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:**

**Ағымдағы бақылау:** ауызша сұрау, тест сұрақтарын құрастыру

**Аралық бақылау:** симуляциялық сабақтар тақырыптарынан билет бойынша ауызша сұрау (2-3-шы күні).

- **Қорытынды бақылау:** тестілеуді қамтитын емтихан, тестілеу ретінде өтеді, мұнда емтиханның үлес салмағы 40% құрайды. Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге. Тестте 1-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 баллды құрайды. Platonus ААЖ-де тестілеу түріндегі емтихан.

• **Салмағы**

Бағасы	Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сыни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест)	Салмағы
ТК 1 (ТК А (дәрістер, семинарлар): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу)	Сыни талдаудағы 3 тапсырма: -бақылау сұрақтары, - тапсырма -тесттер	20%
ТК 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу.	Практикалық дағдыларды пысықтау және құзыреттіліктердің орындалуын талқылау; Диспутацияланатын мәселелер бойынша аргументтерді таныстыру.	20%

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы		044-58/ 12беттің8беті

АБ-1, АБ-2.	Курстық тесттер	20%
Емтиханға жіберу рейтингісі		X60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер (384 сұрақ) және билеттер: теориялық сұрақтар, ситуациялық есептер	X 40%
Курстық қорытынды бағасы		0-100 балл

### Аттестация

### Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	
Бағалау критерилері	<p><b>Өте жақсы «A»:</b> Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда</p> <p><b>Жақсы «B+» - «C+»:</b> Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда</p> <p><b>Қанағаттанарлық «C» - «D»:</b> Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда</p> <p><b>Қанағатсыз «F»:</b> Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда.....</p>		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостыққа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

**Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция + ТК (аралық бақылау) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Э x 40%)**

**Емтихан: қорытынды тест**

**Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар):**

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		044-58/ 12беттің9беті

### Бағалау критерийлері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 120-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

**Тапсыру мерзімі:** Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9

### Ауызша жауап

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша жауап	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателер жібермеді, оқылатын пәннің теориясы мен концепциясына және бағыттарына сүйене отырып оларға критикалық бағалау берді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателер жібермегенде, студенттің өзінің түзетуімен сәйкессіздіктер мен принципіалды емес қателер жіберді, оқытушы көмегімен бағдарлама материалдарын жүйеге келтірді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-54 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде принципіалды қателер жіберді, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектеліп, материалдарды жүйелеуде едәуір қиналды.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті меңгере алмады, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана алмады.

### Тест тапсырмаларын құрастыру

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Тест тапсырмаларын құрастыру	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен анықты, ұқыпты, дәл құрастырды, жауаптарды алгоритмімен бір типті және адекватты варианттарды берді, дұрыс жауаптарын нақты белгіледі.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен анықты, ұқыпты, дәл құрастырды, жауаптарды алгоритмімен бір типті емес варианттарды берді, дұрыс жауаптарын нақты белгіледі.



	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-54 балға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, кейбір тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен, бірақ анықты емес, ұқыпты емес, дәл емес құрастырды, жауаптарын варианттарды алгоритмімен бір типті емес берді, дұрыс жауаптардың барлығын емес нақты белгіледі.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 балға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес тест тапсырмаларын құрастырмады немесе оларды құрастырды, бірақ өз ойымен емес, көлемі 10-нан кем, мазмұнды емес негізімен, анықты емес, ұқыпты емес, дәл емес құрастырды, жауаптарын варианттарды алгоритмсіз бір типті емес берді, дұрыс жауаптардың 50%-тен төмен нақты белгіледі.

## Қосымша 1

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН 1	Әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдарының табысты дамуы, адамның интегралды тұжырымдамасын қабылдауды; Биологиялық, философиялық және әлеуметтік сипаттамаларының дамуын анықтаудағы үйлесімділік пен бірлік туралы;	1. Әлеуметтік және жаратылыс, философиялық ғылымдарының шығу тегін және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімі жоқ; 2. Адамның биоәлеуметтік табиғаты және олардың бұзылуының мүмкін салдарын түсінбейді;	1. Әлеуметтік және жаратылыс, философиялық ғылымдарының шығу тегін және т.б өкілдерінің құрылымы, қызметі және қасиеттері туралы білімі бар; 2. Адамның биоәлеуметтік табиғатын және оның бұзылуының ықтимал салдарын айту;	1. Биологиялық, философиялық және әлеуметтік сипаттамаларының дамуын анықтаудағы құрылысы туралы білімді қолдана алады. 2. Биоәлеуметтік табиғат үрдістердің ферменттерін көрсете отырып сауатты және нақты жазады, сонымен қатар денсаулық зерттеу механизмін	1. Биологиялық, философиялық және әлеуметтік сипаттамаларының дамуын анықтаудағы құрылысы туралы білімді өте жақсы көрсете алады. Осы тақырыпты талдайды және алдыңғы оқу материалымен байланыстыра алады. 2. Биоәлеуметтік табиғат үрдістердің ферменттерін көрсете отырып денсаулық зерттеу механизмін ешқандай қиындықсыз жаза алады, сонымен қатар денсаулықты

				толық түсінеді.	нығайту толық түсінеді.
ОН 2	Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту, аурулардың профилактикасын және басқаруды жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесін басқарудың, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қорғау және қаржыландырудың тиімділігін арттыру, ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру және саланың инфрақұрылымын жетілдіру; Денсаулық саясатының түйінді қағидаттарына сәйкес халықты жаппай қамту, әлеуметтік әділеттілік, эпидемиологиялық және демографиялық параметрі, сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету.	1. Денсаулық сақтау жүйесін басқарудың, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қорғау және қаржыландырудың тиімділігін арттыру зерттеулер жүргізбейді; 2. Денсаулық саясатының түйінді қағидаттарын анықтамайды;	1. Аурулардың профилактикасын және басқаруды жетілдіру, денсаулық сақтау жүйесін басқаруды білмейді, оқытушының көмегіне жүгінеді; 2. Денсаулық саясатының түйінді қағидаттарын анықтайды, бірақ кателіктер жібереді және оқытушының көмегіне жүгінеді;	1. Тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды өз бетінше орындайды, сәйкес қорытынды жасайды және жұмыстың нәтижесін талқылауға белсенді қатысады, есебін жазып өткізеді; 2. Денсаулық саясатының түйінді қағидаттарын ешкімнің көмегінсіз нақты және дәл анықтайды, дұрыс қорытынды жасайды.	1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қорғау және қаржыландырудың тиімділігін арттыру және саланың инфрақұрылымын жетілдіру, жоғары деңгейде орындайды, сәйкес қорытынды жасайды және жұмыстың нәтижесін талқылауда белсенді қатысады, есебін жазып тапсырады; 2. Әлеуметтік әділеттілік, эпидемиологиялық және демографиялық параметрі, сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету өз бетінше және дәл анықтайды, оқу материалына сүйене отырып дұрыс қорытынды жасайды.
ОН 3	Денсаулық әлеуметтану объектісінің құрылымына келесі компоненттер кіреді: жеке денсаулық, әлеуметтік топ пен қоғамның денсаулығы; денсаулық сақтау әлеуметтік институт	1. Негізгі биоәлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін көрсетуге қабілетсіз; 2. Денсаулыққа қатысты әртүрлі субъектілерге бағдар жасай	1. Негізгі биоәлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін талқылау кезінде принципті емес кателіктер жібереді, қиындықпен	1. Жеке денсаулық, әлеуметтік топ пен қоғамның денсаулығы; денсаулық сақтау әлеуметтік институт	1. Жеке денсаулық, әлеуметтік топ пен қоғамның денсаулығы; денсаулық сақтау әлеуметтік институт ретінде; денсаулыққа қатысты байланыс теориялық



	ретінде; денсаулыққа қатысты байланыс, оның ішінде денсаулыққа қатысты әртүрлі субъектілер арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу. Қоғамдық денсаулық сақтау үшін қауіп факторларын айқындайды және бағалайды; міндетті әлеуметтік денсаулықты сақтандыру қорында сақтандыру мен салауатты өмір салтын насихаттау, жетілдіру, рәсімдеу қағидаларында еркін бағдарлануды түсінеді.	алмайды;	қорытынды жасайды; 2. Денсаулыққа қатысты әртүрлі субъектілерге бағдар сипаттауда қиналады;	ретінде; денсаулыққа қатысты байланыс теориялық материалдар бойынша білімін қолданады. Мәселелік есептерде ұсынылған осы көрсеткіштерге дұрыс тұжырым жасайды; 2. Қоғамдық денсаулық сақтау үшін қауіп факторларын айқындайды және бағалайды; міндетті әлеуметтік денсаулықты сақтандыру қорында сақтандыру мен салауатты өмір салтын насихаттау, жетілдіру, рәсімдеу қағидаларында салауатты, рет-ретімен нақты талдайды;	материалдар бойынша білімін қолданады отырып, мәселелік есептерді талқылау кезінде жоғары деңгейде ойлау қабілетін көрсетеді; 2. Қоғамдық денсаулық сақтау үшін қауіп факторларын айқындайды және бағалайды; міндетті әлеуметтік денсаулықты сақтандыру қорында сақтандыру мен салауатты өмір салтын насихаттау, жетілдіру, рәсімдеу қағидаларын сипаттау үшін қажетті оқу материалын өте жақсы білетінін көрсетеді:
ОН 4	Қоғамдық денсаулық жағдайы, өмір салтын түзетуі, халықтың әлеуметтік осал топтары туралы ақпарат жинауды талдайды; Денсаулық сақтау	1. Өмір салтын түзетуі, халықтың әлеуметтік осал топтары туралы ақпарат жинап, жүргізу дағдыларына ие емес.	1. Өмір салтын түзетуі, халықтың әлеуметтік осал топтары туралы ақпарат жинап, жүргізу бойынша толық	1. Қоғамдық денсаулық жағдайы, өмір салтын түзетуі, халықтың әлеуметтік осал топтары	1. Қоғамдық денсаулық жағдайы, өмір салтын түзетуі, халықтың әлеуметтік осал топтары туралы ақпарат жинауды



	<p>мекемелері, санитарлық қызмет, сондай-ақ көптеген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар осы типтегі әлеуметтік маңызы бар аурулардың белсенді алдын алу жұмыстарын жүргізуі; денсаулық әлеуметтануы жүйесі және моральдық-этикалық нормаларды туралы хабардар болуын арттырады.</p>	<p>2. Қажетті әдеби материалдарды іздей алмайды, ғылыми мақалаларды талдауға қабілетті емес; 3. Топпен жұмыс істеуге қабілетсіз.</p>	<p>орындамайды. 2. Қажетті әдеби материалдарды іздей алады, Денсаулық сақтау мекемелері, санитарлық қызмет бойынша ақпаратты айта алады, бірақ дәлелсіз баяндайды;</p>	<p>туралы ақпарат жинауды теориялық материалдан жақсы білімін көрсетеді, зерттеу дағдыларын және өз бетінше білім алуға құлшынысын көрсетеді. 2. Белгілі бір тапсырманы орындау үшін қажетті әдеби материалды жинайды, критикалық ойлау қабілетін көрсете отырып талдайды;</p>	<p>теориялық материалдағы білімді көрсете алады; алынған нәтижелер бойынша денсаулық әлеуметін болжауға қабілетті және өз бетінше білім алуға құлшынысын көрсетеді; 2. Анықтамалық материалдардан, ғылыми әдебиеттерден қажетті ақпаратты іздейді, осы деректерді салыстырады. Критикалық ойлауды көрсете отырып, ғылыми мақалаларды талдайды және өз сенімдерін нақты көрсете алады.</p>
--	--	--	--	--	---

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
MEDISINA  
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN  
MEDICAL  
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық кафедрасы

044-58/  
12беттің14беті